$$Y'' - \lambda_n Y = 0$$

$$Y'' - \frac{n^2\pi^2}{a^2} Y = 0$$

$$Y = e^{ky}, Y' = k \cdot e^{ky}, Y'' = k^2 \cdot e^{ky} - (5) \text{ Тендеуге қоямыз: } k^2 \cdot e^{ky} - \frac{n^2\pi^2}{a^2} e^{ky} = 0$$

Ұқсас мүшелерді жақша сыртына шығарамыз:

$$(k^2 - \frac{n^2\pi^2}{a^2}) \cdot e^{ky} = 0$$

$$k^2 - \frac{n^2\pi^2}{a^2} = 0, k_1 = \frac{n\pi}{a}, k_2 = -\frac{n\pi}{a}$$

Жалпы шешім мына түрде жазылады:  $Y_n(y) = C_n e^{\frac{n\pi y}{a}} + D_n e^{-\frac{n\pi y}{a}}$  (7)

Эйлер формулаларын пайдаланып оны гиперболалық функциялар арқылы жазуға болады:

$$\sinh z = \frac{e^z - e^{-z}}{2}, \cosh z = \frac{e^z + e^{-z}}{2}$$

$$\text{Сонда } Y_n(y) = C_n \sinh \frac{n\pi y}{a} + D_n \cosh \frac{n\pi y}{a} \quad (7)'$$

Табылған функциялар (6),(7)'  $X_n(x) = \sin \frac{n\pi x}{a}$  және  $Y_n(y) = C_n \sinh \frac{n\pi y}{a} + D_n \cosh \frac{n\pi y}{a}$  функцияларын (1) формула қонып, көбейтеміз:

$$u_n(x, y) = (C_n \sinh \frac{n\pi y}{a} + D_n \cosh \frac{n\pi y}{a}) \cdot \sin \frac{n\pi x}{a} \quad (8)$$

Лаплас тендеуі сызықтық болғандықтан барлық жеке шешімдердің көбейтіндісі де шешім болады. Келесі төменгі шекаралық шарттарды пайдаланамыз. Берілген шарт:  $u(x, 0) = 0$  Жалпы шешімге  $y = 0$  қоямыз:

$$u(x, 0) = \sum_{n=1}^{\infty} (C_n \sinh 0 + D_n \cosh 0) \sin \frac{n\pi x}{a}$$

$$u(x, 0) = \sum_{n=1}^{\infty} D_n \sin \frac{n\pi x}{a}$$

Есептің шарты бойынша  $u(x, 0) = 0$  демек  $\sum_{n=1}^{\infty} D_n \sin \frac{n\pi x}{a} = 0$  синус

функциясы сызықтық тәуелсіз болғандықтан  $D_n = 0$  болады. Осыдан шешім мына түрге келеді.

$$u(x, y) = \sum_{n=1}^{\infty} C_n \sinh \frac{n\pi y}{a} \sin \frac{n\pi x}{a} \quad (9)$$

Жоғарғы шекаралық шарттарды пайдаланамыз: (1)- $u(x, b) = f(x)$ . Жалпы шешімге (9)  $y = b$  қоямыз.

$$u(x, b) = \sum_{n=1}^{\infty} C_n \sinh \frac{n\pi b}{a} \sin \frac{n\pi x}{a}$$

Есептің шарты бойынша (1)-  $u(x, b) = f(x)$  сондықтан  $f(x) = \sum_{n=1}^{\infty} C_n \sinh \frac{n\pi b}{a} \sin \frac{n\pi x}{a}$  (10)

Бұл  $f(x)$  функциясының Фурье синустық қатары болып табылады. Ары қарай Фурье коэффициенттерін табамыз. (10)-Екі жағын да  $\sin \frac{n\pi x}{a}$ -ға көбейтіп, 0-ден  $a$ -ға дейін интегралдаймыз.

$$\int_0^a f(x) \sin \frac{m\pi x}{a} dx = \int_0^a \sum_{n=1}^{\infty} C_n \sinh \frac{n\pi b}{a} \sin \frac{n\pi x}{a} \sin \frac{m\pi x}{a} dx$$

Қосындыны интегралдың сыртына шығарамыз:

$$\int_0^a f(x) \sin \frac{m\pi x}{a} dx = \sum_{n=1}^{\infty} C_n \sinh \frac{n\pi b}{a} \int_0^a \sin \frac{n\pi x}{a} \sin \frac{m\pi x}{a} dx$$

Синустардың ортогоналдық қасиеті бойынша

$$\int_0^a \sin \frac{n\pi x}{a} \sin \frac{m\pi x}{a} dx = 0, n \neq m \quad \text{ал} \quad \int_0^a \sin^2 \frac{n\pi x}{a} dx = \frac{a}{2}$$

Сонда барлық мүшелердің ішінен тек  $n=m$  мүшесі қалады:

$$\int_0^a f(x) \sin \frac{n\pi x}{a} dx = C_n \sinh \frac{n\pi b}{a} \cdot \frac{a}{2}$$

Осыдан  $C_n = \frac{2}{a \sinh \frac{n\pi b}{a}} \int_0^a f(x) \sin \frac{n\pi x}{a} dx$  (11)

Табылған коэффициенттерді жалпы шешімге қоямыз (1),(10),(11):

$$u(x, y) = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{2 \int_0^a f(\xi) \sin(\frac{n\pi \xi}{a}) d\xi}{a \sinh(\frac{n\pi b}{a})} \sinh(\frac{n\pi y}{a}) \sin(\frac{n\pi x}{a}) \quad (12)$$

Бұл тікбұрышты облыстағы Лаплас теңдеуі үшін Дирихле есебінің толық аналитикалық шешімі болып табылады,  $f(x)$ — шекарада берілген функция. Дирихле есебінде жоғарғы қабырғадағы мән алдын ала белгілі болады:  $u(x, b) = f(x)$ , Яғни  $f(x)$  нақты берілмейінше, шешім жалпы түрде қалады.

Мысалы  $f(x) = 100$  деп есепті шығарып көрейік:

$f(x) = 100$  болса, онда жоғарғы қабырға температурасы тұрақты  $100^\circ$  деп түсіндіріледі.

$$\text{Коэффициенті } C_n = \frac{2}{a \sinh \frac{n\pi b}{a}} \int_0^a 100 \cdot \sin \frac{n\pi x}{a} dx$$

$$\text{Ары қарай интеграл есептейміз: } \int_0^a 100 \cdot \sin \frac{n\pi x}{a} dx = 100 \left[ -\frac{a}{n\pi} \cos \frac{n\pi x}{a} \right]_0^a = -\frac{100a}{n\pi} (\cos n\pi - \cos 0) = -\frac{100a}{n\pi} ((-1)^n - 1)$$

Жұп  $n$  үшін интеграл нөл болады. Тақ  $n$  үшін:  $(-1)^n = -1$

$$\int_0^a 100 \cdot \sin \frac{n\pi x}{a} dx = \frac{200a}{n\pi}$$

Осыдан

$$C_n = \frac{400}{n\pi \sinh \frac{n\pi b}{a}}, \quad n = 1, 3, 5, \dots$$

$$\text{Соңғы шешім: } u(x, y) = \sum_{n=1,3,5,\dots}^{\infty} \frac{400}{n\pi \sinh \frac{n\pi b}{a}} \sinh \frac{n\pi y}{a} \sin \frac{n\pi x}{a}$$

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Владимиров В. С. Уравнения математической физики. — Изд. 5-е. — М.: Наука, 1985.-225 бет
2. Никольский СМ. Математический анализ.-- Изд. 5-е. — М.: Физмат-лит, 2000.-144 б
3. Сидоров Ю. В., Федорюк М. В., Шабунин М. И. Лекции по теории функций комплексного переменного. — Изд. 3-е;—М.; Наука, 1989.-246
4. Беклемишев Д. В. Курс аналитической геометрии и линейной алгебры. -Изд. 8-е. — М.: Физматлит, 2000.-103б
5. Романко В. К. Курс дифференциальных уравнений и вариационного исчисления.— М.: Лаборатория базовых знаний, 2000.-183б
6. Владимиров В.С. Уравнения математической физики. М, 1967.-45-54б
7. Бицадзе А.В. Уравнения математической физики. М., 1976.-23-31б
8. Кошляков Н.С., Глинер Э.Б., Смирнов М.М. Уравнения в частных производных математической физики. М., 1970.-43-45б
9. Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики. М., 1977.-64б
10. Гюнтср Н.Мs Кузьмин Р.О. Сборник задач по высшей математике. М.Л., 1947.-21б



Бұл жерде  $(x_1, x_2, \dots, x_n)$  тәуелсіз айнымалы.  $A_k(x_1, x_2, \dots, x_n)$  – берілген  $D$  облысында үздіксіз туындысы бар функция.

$W(x_1, x_2, \dots, x_n)$  ізделінді функция.

$$\frac{dx_1}{A_1} = \frac{dx_2}{A_2} = \dots = \frac{dx_n}{A_n} = dt \quad (5)$$

қарапайым дифференциалдық теңдеу жүйесін (4) теңдеулерге сәйкес деп атайды.

$$\text{Айталық, } x_1=x_1(t), x_2=x_2(t), \dots, x_n(t) \quad (6)$$

(5) жүйенің (интегралдық қисық) шешімі болсын.

Егер  $\psi(x_1, x_2, \dots, x_n)$  дифференциалданатын функция (5) жүйенің (6) әрбір интегралдық қисығында теңбе-тең тұрақты болса, яғни  $\psi(x_1(t), \dots, x_n(t)) = c$  болса, онда  $x_1, x_2, \dots, x_n$  айнымалыларды байланыстыратын  $\psi(x_1, x_2, \dots, x_n) = c$  теңдеуін (5) жүйенің бірінші интегралы деп атайды.

Жай дифференциалдық теңдеулерге сәйкес жүйенің бірінші интегралы  $\psi(x_1, x_2, \dots, x_n) = c$  болса, онда  $W = \psi(x_1, x_2, \dots, x_n)$  функциясы сонда және тек сонда ғана (4) дербес туындылы теңдеудің шешімі болатындығы дәлелденеді.

Сонымен, (4) дербес туындылы теңдеу шешімін құру мәселесі (5) сәйкес жүйенің бірінші интегралын құруға келтіріледі.

1 мысал. Теңдеудің шешімін тап.

$$x \frac{\partial W}{\partial x_1} - 2x \frac{\partial W}{\partial x_2} - x \frac{\partial W}{\partial x_3} = 0$$

Сәйкес қарапайым дифференциалдық теңдеулер жүйесі келесі түрде болады:

$$\frac{dx_1}{x_1} = -\frac{dx_2}{2x_2} = -\frac{dx_3}{x_3}$$

Жүйені шешіп,

$$\left. \begin{aligned} \frac{dx_1}{x_1} &= -\frac{dx_2}{2x_2} \\ \frac{dx_1}{x_1} &= -\frac{dx_3}{x_3} \end{aligned} \right\} \Rightarrow \begin{aligned} 2 \int \frac{dx_1}{x_1} + \int \frac{dx_2}{x_2} &= \ln c_1 \\ \int \frac{dx_1}{x_1} + \int \frac{dx_3}{x_3} &= \ln c_2 \end{aligned}$$

Яғни

$$\left. \begin{aligned} 2 \ln x_1 + \ln x_2 &= \ln c_1 \\ \ln x_1 + \ln x_3 &= \ln c_2 \end{aligned} \right\} \Rightarrow \begin{aligned} x_1^2 x_2 &= c_1 \\ x_1 x_3 &= c_2 \end{aligned}$$

Жүйенің шешімінің бірінші интегралы келесі түрде болады  $x_1^2 x_2 = c_1; x_1 x_3 = c_2$

Бұдан кез келген дифференциалданатын  $F$  функциясы бар  $F(x_1^2 x_2; x_1 x_3) = c$  теңдеу де сол жүйенің бірінші интегралы болады. Сондықтан  $F(x_1^2 x_2; x_1 x_3)$  функция берілген дербес туындылы дифференциалдық теңдеудің шешімі болады.

2– мысал. Теңдеудің жалпы интегралын тап.

$$x \frac{\partial W}{\partial x_1} + x \frac{\partial W}{\partial x_2} = x^3$$

Шешу: Келесі теңдеудің шешімін қарастырамыз.

$$\frac{dx_1}{x_1} = \frac{dx_2}{x_2} = \frac{dx_3}{x_3}$$

Теңдеудің шешімі

$$\frac{dx_1}{x_1} = \frac{dx_2}{x_2} \Rightarrow \int \frac{dx_1}{x_1} = \int \frac{dx_2}{x_2} + \ln c_1 \Rightarrow \frac{x_1}{x_2} = c_1$$

Келесі теңдеудің

$$\frac{dx_2}{x_2} = \frac{dx_3}{x_3}$$

шешімі мына түрде табылады

$$\frac{x_3}{x_1} = c_2$$

Енді, берілген теңдеудің жалпы шешімін табамыз.

$$F\left(\frac{x_2}{x_1}, \frac{x_3}{x_1}\right) = 0, \text{ яғни } \frac{x_3}{x_1} = \Psi\left(\frac{x_2}{x_1}\right) \Rightarrow x_3 = x_1 \Psi\left(\frac{x_2}{x_1}\right)$$

Бұл жерде  $\Psi\left(\frac{x_2}{x_1}\right)$  – кез келген үздіксіз функция.

Екінші ретті тәуелсіз екі айнымалы дербес туындылы теңдеудің классификациясы

Екінші ретті тәуелсіз екі айнымалы квазисызықты дифференциалдық теңдеуді қарастырамыз[4]

$$a_{11}(x, y) \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + 2a_{12}(x, y) \frac{\partial^2 u}{\partial x \partial y} + a_{22}(x, y) \frac{\partial^2 u}{\partial y^2} + F(x, y, u, \frac{\partial u}{\partial x}, \frac{\partial u}{\partial y}) = 0 \quad (2)$$

Бұл жерде  $a_j \in C^2(\Omega); i=1,2, j=1,2$ .

Жаңа айнымалыға өтіп

$$\xi = \xi(x, y), \eta = \eta(x, y), \xi, \eta \in C^2 \quad D\left(\frac{\xi, \eta}{x, y}\right) \neq 0$$

(2) – теңдеуді келесі түрге келтіреміз.

$$a_{11} \frac{\partial^2 u}{\partial \xi^2} + 2a_{12} \frac{\partial^2 u}{\partial \xi \partial \eta} + a_{22} \frac{\partial^2 u}{\partial \eta^2} + \bar{F}(\eta, u, \frac{\partial u}{\partial \xi}, \frac{\partial u}{\partial \eta}) = 0$$

Мұндағы

$$a_{11} = a_{11} \left(\frac{\partial \xi}{\partial x}\right)^2 + 2a_{12} \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \xi}{\partial y} + a_{22} \left(\frac{\partial \xi}{\partial y}\right)^2,$$

$$a_{12} = a_{12} \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial x} + a_{12} \left(\frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \xi}{\partial y} + \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \xi}{\partial y}\right) + a_{12} \frac{\partial \xi}{\partial y} \frac{\partial \eta}{\partial y}$$

$$a_{22} = a_{11} \left(\frac{\partial \eta}{\partial x}\right)^2 + 2a_{12} \frac{\partial \eta}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial y} + a_{22} \left(\frac{\partial \eta}{\partial y}\right)^2,$$

АНЫҒЫНДА

$$\frac{\partial u}{\partial x} = \frac{\partial u}{\partial \xi} \frac{\partial \xi}{\partial x} + \frac{\partial u}{\partial \eta} \frac{\partial \eta}{\partial x}$$

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} = \frac{\partial^2 u}{\partial \xi^2} \left(\frac{\partial \xi}{\partial x}\right)^2 + 2 \frac{\partial^2 u}{\partial \xi \partial \eta} \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial x} + \frac{\partial^2 u}{\partial \eta^2} \left(\frac{\partial \eta}{\partial x}\right)^2 + \frac{\partial u}{\partial \xi} \frac{\partial^2 \xi}{\partial x^2} + \frac{\partial u}{\partial \eta} \frac{\partial^2 \eta}{\partial x^2}$$

$$\frac{\partial^2 u}{\partial y^2} = \frac{\partial^2 u}{\partial \xi^2} \left(\frac{\partial \xi}{\partial y}\right)^2 + 2 \frac{\partial^2 u}{\partial \xi \partial \eta} \frac{\partial \xi}{\partial y} \frac{\partial \eta}{\partial y} + \frac{\partial^2 u}{\partial \eta^2} \left(\frac{\partial \eta}{\partial y}\right)^2 + \frac{\partial u}{\partial \xi} \frac{\partial^2 \xi}{\partial y^2} + \frac{\partial u}{\partial \eta} \frac{\partial^2 \eta}{\partial y^2}$$

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x \partial y} = \frac{\partial^2 u}{\partial \xi^2} \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \xi}{\partial y} + \frac{\partial u}{\partial \xi} \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \xi}{\partial y} + \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial y} \frac{\partial^2 u}{\partial \eta \partial \xi} + \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial y} \frac{\partial^2 u}{\partial \eta^2} + \frac{\partial u}{\partial \eta} \frac{\partial^2 \xi}{\partial x \partial y} + \frac{\partial u}{\partial \eta} \frac{\partial^2 \eta}{\partial x \partial y}$$

$\xi(x, y), \eta(x, y)$ , функцияларын  $a_{11}$  және  $a_{22}$  коэффициенттерінің мәнін нөлге айналдыратындай етіп, төмендегіше аламыз:

$$a_{11} = a_{11} \left(\frac{\partial \xi}{\partial x}\right)^2 + 2a_{12} \frac{\partial \xi}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial y}, \quad a_{22} \left(\frac{\partial \xi}{\partial y}\right)^2 = 0 \quad (8)$$

$$a_{22} = a_{11} \left(\frac{\partial \eta}{\partial x}\right)^2 + 2a_{12} \frac{\partial \eta}{\partial x} \frac{\partial \eta}{\partial y} + a_{22} \left(\frac{\partial \eta}{\partial y}\right)^2 = 0$$

Бірінші ретті дербес туындылы теңдеуді қарастырамыз.

$$a_{11}z_x^2 + 2a_{12}z_x z_y + a_{22}z_y^2 = 0 \quad (9)$$

Айталық,  $z = \varphi(x, y)$  (9) теңдеудің кез келген дербес шешімі. Егер  $\xi = \varphi(x, y)$  болса, онда  $a_{11}$  коэффициенті нөлге тең болады, сонда жоғарыда келтірілген жаңа тәуелсіз айнымалыларды таңдау (2.9) теңдеуінің шешімімен байланысты болады.

Егер  $z = \varphi(x, y)$  —  $a_{11}z_x^2 + 2a_{12}z_x z_y + a_{22}z_y^2 = 0$  теңдеудің дербес шешімі болса, онда  $\varphi(x, y) = c$  келесі қарапайым дифференциалдық теңдеудің

$$a_{11} dy^2 - 2a_{12} dy dx + a_{22} dx^2 = 0 \quad (10)$$

жалпы интегралы болады.

Егер  $z = \varphi(x, y)$  —  $a_{11} dy^2 - 2a_{12} dx dy + a_{22} dx^2 = 0$  қарапайым дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімі болса, онда  $\varphi(x, y) = c$  функция (9) теңдеуді қанағаттандырады.

Лемманың бірінші бөлімін дәлелдейміз.

Айталық, функция  $z = \varphi(x, y)$  (9) теңдеуді қанағаттандырады, онда

$$a_{11} \varphi_x^2 + 2a_{12} \varphi_x \varphi_y + a_{22} \varphi_y^2 = 0$$

яғни

$$a_{11} \left(\frac{\varphi_x}{\varphi_y}\right)^2 + 2a_{12} \left(\frac{\varphi_x}{\varphi_y}\right) + a_{22} = 0 \quad (11)$$

тепе-теңдік болып саналады: ол кез келген  $x, y$  үшін берілген облыста теңдеуді қанағаттандырады.  $\varphi(x, y) = c$  қатынасы (10) теңдеудің жалпы шешімі болады, егер  $\varphi(x, y) = c$  айқындалмаған қатынасынан анықталған  $y$  функциясы (10) теңдеуді қанағаттандырса.

Айталық,  $y = f(x, c)$  функция болса, онда

$$\frac{dy}{dx} = -\left[\frac{\varphi_x}{\varphi_y}\right] = f(x, c) \quad (12)$$

Бұл жерде жақша және  $y = f(x, c)$  белгі (12) теңдеудің оң жағындағы айнымалы  $y$  тәуелсіз емес болып және (10) теңдеуді қанағаттандыратын  $f(x, c)$  мәніне тең екендігін білдіреді.

$$a_{11} \left(\frac{\partial y}{\partial x}\right)^2 - 2a_{12} \frac{\partial y}{\partial x} + a_{22} = \left[ a_{11} \left(\frac{\partial y}{\partial x}\right)^2 - 2a_{12} \left(-\frac{\varphi_x}{\varphi_y}\right) + a_{22} \right]_{y=f(x,c)} = 0$$

Жақша ішіндегі өрнек тек  $y = f(x, c)$  жағдайда ғана емес, сондай-ақ кез келген  $x, y$  үшін нөлге тең болады. Лемманың екінші бөлімін дәлелдеуді оқырманға қалдырамыз.

(10)-теңдеуді (2) теңдеудің сипаттамалық теңдеуі, ал оның интегралын мінездемелік теңдеу дейді. Егер  $\xi = \varphi(x, y)$  десек,  $u_{\xi\xi}$  бойынша коэффициентті нөлге теңестіреміз, мұндағы  $\varphi(x, y) = const$  — (10) теңдеудің жалпы интегралы.

Егер  $\psi(x, y) = const$  болып - (10) теңдеудің  $\varphi(x, y)$  функциясына тәуелсіз басқа жалпы интегралы болса, онда  $\eta = \psi(x, y)$  деп есептеп,  $u_{\eta\eta}$  бойынша коэффициентті нөлге теңестіреміз.

(10)-теңдеуді екі теңдеуге ажыратамыз, яғни

$$\frac{dv}{dx} - \frac{a_{12} + \sqrt{a_{12}^2 - a_{11}a_{22}}}{a_{11}} = f_1(x, y) \quad (13)$$

$$\frac{dv}{dx} - \frac{a_{12} - \sqrt{a_{12}^2 - a_{11}a_{22}}}{a_{11}} = f_2(x, y) \quad (14)$$

$$\text{Түбір таңбасы астындағы өрнек} \quad a_{11}u_{xx} + 2a_{12}u_{xy} + a_{22}u_{yy} + F = 0$$

теңдеуінің түрін анықтайды.

М нүктеде бұл теңдеу келесі теңдеулер деп аталады:

1. Гиперболалық, егер де М нүктеде  $a_{12}^2 - a_{11}a_{22} > 0$ ;
2. Эллипстік, егер де М нүктеде  $a_{12}^2 - a_{11}a_{22} < 0$ ;
3. Параболалық, егер де М нүктеде  $a_{12}^2 - a_{11}a_{22} = 0$ .

3-мысал Келесі теңдеудің түрін анықта.

$$1. u_{xx} + 4u_{xy} + u_{yy} + u_x + x_y + 2u = 0$$

$$a_{11} = 1, a_{12} = 2, a_{22} = 1 \quad a_{12}^2 - a_{11}a_{22} = 4 - 1 = 3 > 0$$

Гиперболалық теңдеу.

$$2. 2u_{xx} + 2u_{xy} + u_{yy} - 2u_x - 2u_x + 2u_y + 2u = 0$$

$$a_{11} = 2, a_{12} = 1, a_{22} = 1 \quad a_{12}^2 - a_{11}a_{22} = 1^2 - 2 \cdot 1 = -1 < 0$$

Эллипстік теңдеу

$$3. u_{xx} + 2u_{xy} + u_{yy} - 2u_x - 2u_x + 3u_y + xy^2 = 0$$

$$a_{11} = 1, a_{12} = 1, a_{22} = 1 \quad a_{12}^2 - a_{11}a_{22} = 1^2 - 1 \cdot 1 = 0$$

Теңдеудің түрі параболалық.

1. Гиперболалық жағдайда  $a_{12}^2 - a_{11}a_{22} > 0$ , сол үшін  $f_1(x, y)$  және  $f_2(x, y)$  функция нақты және әр түрлі. (12) және (13) теңдеудің интегралы, яғни (1) теңдеудің сипаттамалық теңдеуі мына түрде жазылады:

$$\varphi(x, y) = c_1, \psi(x, y) = c_2$$

Осылайша, гиперболалық шарт орындалатын әрбір  $(x, y)$  нүктесі арқылы кейінгі сипаттамалық екі  $\varphi(x, y) = c_1, \psi(x, y) = c$  үйірлері құралады.

2. Эллипстік жағдайда  $a_{12}^2 - a_{11}a_{22} < 0$ , сол үшін  $f_1(x, y)$ ,  $f_2(x, y)$  функция комплексті түйіндес болады, бұл кезде егерде

$$f(x, y) = \alpha(x, y) + i\beta(x, y)$$

$$\bar{f}(x, y) = \alpha(x, y) - i\beta(x, y)$$

сондықтан эллипстік теңдеуде нақты сипаттамасы жоқ.

3. Параболалық жағдайда  $a_{12}^2 - a_{11}a_{22} = 0$ . Бұл кезде  $f_1(x, y) = f_2(x, y)$ .

Сондықтан мұнда жалғыз бір нақты сипаттама болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Владимиров В. С. Уравнения математической физики. — Изд. 5-е. — М.: Наука, 1985.-225 бет
2. Никольский СМ. Математический анализ.-- Изд. 5-е. — М.: Физмат-лит, 2000.-144 б
3. Сидоров Ю. В., Федорюк М. В., Шабунин М. И. Лекции по теории функций комплексного переменного. — Изд. 3-е;—М.; Наука, 1989.-246
4. Беклемишев Д. В. Курс аналитической геометрии и линейной алгеб-ры. - Изд. 8-е. — М.: Физматлит, 2000.-1036
5. Романко В. К. Курс дифференциальных уравнений и вариационного исчисления.— М.: Лаборатория базовых знаний, 2000.-1836
6. Владимиров В.С. Уравнения математической физики. М, 1967.-45-546
7. Бицадзе А.В. Уравнения математической физики. М., 1976.-23-316
8. Кошляков Н.С., Глинер Э.Б., Смирнов М.М. Уравнения в частных производных математической физики. М., 1970.-43-456
9. Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики. М., 1977.-646
10. Гюнтер Н.Мс Кузьмин Р.О. Сборник задач по высшей математике. М.Л., 1947.-216
11. Сборник задач по уравнениям математической физики.Под ред. В.С.Владимирова. М., 1974.-346
12. Смирнов М.М. Сборник задач по уравнениям математической физики.
13. Бицадзе А.В., Калинин Д Ф. Сборник задач по уравнениям математической физики. М., 1985.-83-1006
14. Михлин С.Г. Интегральные уравнения.
15. Сахаев Ш.С., Тулегенова М.В. Методическая разработка лабораторных работ по уравнениям математической физики (часть II), Алматы, 2000, 50 б.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.20958381>  
SS

## THE IMPACT OF THE APPLICATION OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN MATHEMATICS TEACHING ON STUDENT ACHIEVEMENTS

KHATIRA SARBAZ GIZI MAGSUDOVA

Mathematics teacher  
at “Young Talents” Lyceum  
under Baku State University

**Summary.** *The rapid development of digital technologies in the modern education system has had a significant impact on the content, methods and results of the learning process. The application of digital technologies in mathematics teaching is of particular importance in terms of improving students' academic achievements, developing logical thinking and increasing their motivation to learn. The article examines the theoretical foundations of the application of digital technologies in mathematics teaching, analyzes the results of international research and assesses their impact on student achievement. The study shows that interactive software, artificial intelligence-based platforms, gamified learning systems and virtual learning environments facilitate the acquisition of mathematical concepts, develop problem-solving skills and increase the quality of learning. At the same time, the effectiveness of technologies depends on their integration with pedagogical goals and the digital competence of teachers. The analysis shows that information and communication technologies, electronic educational resources, interactive programs and digital platforms have a significant impact on improving the quality of teaching in mathematics, increasing students' cognitive activity and improving their academic results. In the works of Eastern and Russian researchers, it is emphasized that digital technologies facilitate the visualization of abstract mathematical concepts, create personalized learning opportunities and contribute to the development of students' logical thinking. It is also noted that the effective application of digital tools depends on the professional and digital competencies of the teacher.*

**Keywords:** *digital technologies, mathematics education, student achievement, artificial intelligence, innovative education, digital pedagogy, digital technologies, information and communication technologies, digital educational environment, interactive learning, electronic educational resources, academic indicators.*

## RƏQƏMSAL TEXNOLOGİYALARIN RİYAZİYYAT TƏLİMİNDƏ TƏTBİQİNİN ŞAGİRD NAILİYYƏTLƏRİNƏ TƏSİRİ

XATIRƏ SARBAZ QIZI MAQSUDOVA

Bakı Dövlət Universitetinin nəzdində  
“Gənc İstedadlar” liseyinin riyaziyyat müəllimi

**Xülasə.** *Müasir təhsil sistemində rəqəmsal texnologiyaların sürətli inkişafı təlim prosesinin məzmununa, metodlarına və nəticələrinə mühüm təsir göstərmişdir. Riyaziyyatın tədrisində rəqəmsal texnologiyaların tətbiqi şagirdlərin akademik nailiyyətlərinin yüksəldilməsi, məntiqi təfəkkürünün inkişaf etdirilməsi və öyrənməyə motivasiyasının artırılması baxımından xüsusi əhəmiyyət daşıyır. Məqalədə rəqəmsal texnologiyaların riyaziyyat təlimində tətbiqinin nəzəri əsasları araşdırılmış, beynəlxalq tədqiqatların nəticələri təhlil edilmiş və onların şagird nailiyyətlərinə təsiri qiymətləndirilmişdir. Tədqiqat göstərir ki, interaktiv proqram təminatı, süni intellekt əsaslı platformalar, oyunlaşdırılmış təlim sistemləri və virtual öyrənmə mühitləri riyazi anlayışların mənimsənilməsini asanlaşdırır, problem həll etmə bacarıqlarını inkişaf etdirir və öyrənmənin keyfiyyətini artırır. Bununla yanaşı, texnologiyaların effektivliyi onların pedaqoji məqsədlərlə inteqrasiyası və müəllimlərin rəqəmsal sərişmələrindən asılıdır. Təhlil göstərir ki, informasiya-*

*kommunikasiya texnologiyaları, elektron təhsil resursları, interaktiv proqramlar və rəqəmsal platformalar riyaziyyatın tədrisində təlimin keyfiyyətinin yüksəldilməsinə, şagirdlərin idrak fəallığının artırılmasına və akademik nəticələrinin yaxşılaşmasına mühüm təsir göstərir. Şərq və rus tədqiqatçılarının əsərlərində rəqəmsal texnologiyaların abstrakt riyazi anlayışların vizuallaşdırılmasını asanlaşdırdığı, fərdiləşdirilmiş təlim imkanları yaratdığı və şagirdlərin məntiqi təfəkkürünün inkişafına şərait yaratdığı vurğulanır. Həmçinin qeyd olunur ki, rəqəmsal vasitələrin effektiv tətbiqi müəllimin peşəkar və rəqəmsal kompetensiyalarından asılıdır.*

***Açar sözlər:** rəqəmsal texnologiyalar, riyaziyyat təlimi, şagird nailiyyətləri, süni intellekt, innovativ təhsil, rəqəmsal pedaqogika, rəqəmsal texnologiyalar, informasiya-kommunikasiya texnologiyaları, rəqəmsal təhsil mühiti, interaktiv təlim, elektron təhsil resursları, akademik göstəricilər.*

## **Introduction**

One of the main features of the 21st century education system is the digitalization of the learning process. The development of information and communication technologies has led to the transformation of traditional teaching models and has led to the emergence of new approaches in the educational process. Especially in the field of mathematics teaching, digital technologies have created wide opportunities for the visualization of abstract concepts, modeling of complex calculations and involving students in the active learning process (Cheung, Slavin, 2013). In modern educational research, mathematical literacy is assessed not only as the ability to perform calculations, but also as the ability to analyze problems, draw logical conclusions and apply mathematical knowledge in real-life situations. In this regard, digital technologies have become an important tool in the formation of students' mathematical competencies (OECD, 2023). The results of international assessments show that students' mathematical achievements are higher in schools that use technology effectively (OECD, 2023). However, some studies emphasize that integrating technology into teaching does not always yield high results and that it must be applied in accordance with pedagogical goals (Rakes et al., 2020).

Modern studies conducted in Eastern countries show that digital technologies play an important role in improving the quality of mathematics education. Studies conducted in Arab countries confirm that technology has a positive impact on students' academic achievement, motivation and the formation of mathematical thinking. For example, a study conducted in the Sultanate of Oman showed a statistically significant relationship between a positive attitude towards e-learning and academic achievement in mathematics (Al-Kamashki, Yusuf, 2024). A large-scale study conducted in Arab countries based on TIMSS-2019 data proved that students' mathematics performance is higher in schools that use modern teaching strategies and technology-supported methods. The study showed that the level of teachers' use of innovative methods is one of the main predictors of student achievement (AlSalouli et al., 2024). A study conducted in Qatar found that the application of gamified digital systems in Arabic-language mathematics education increased both students' motivation and academic results. Researchers note that digital game elements help to overcome psychological barriers to mathematics (Moreno, Bahameish, Al-Thani, 2025).

Studies conducted in Jordan have shown that the use of Augmented Reality technologies in mathematics education has a positive effect on the development of students' spatial thinking and ability to grasp geometric concepts. These technologies facilitate the visualization of complex mathematical objects and make learning more interactive (Abutayeh, Kraishan, Kraishan, 2022). A meta-analytic study conducted by Turkish researcher Zehra Taşpınar Şener found that mathematics education organized through technology has an above-average effect. The author emphasizes that technology-supported learning environments have a significant impact on mathematical achievements (Şener, 2023). Kazakh scientists Kerimbayev and Akramova, investigating the integration of ethnomathematics and digital education approaches noted that the use of national-cultural components in mathematics education increases students' interest. In their opinion

ethnocultural mathematical materials presented in a digital environment serve to develop both the mathematical and cultural identity of students.

Also in the Russian-language pedagogical and methodological literature, the integration of digital technologies into mathematics teaching is considered an important direction in terms of improving the quality of teaching, increasing students' cognitive activity and improving their academic achievements. According to researchers, digital educational resources facilitate the visualization of abstract mathematical concepts, stimulate students' independent activity and create personalized learning opportunities (Полат, 2017; Роберт, 2014). Among Russian scientists, Polat emphasizes that the use of digital technologies in the teaching process increases the interactivity of teaching and develops students' problem-solving skills. According to the author, electronic educational resources have a positive effect on students' motivation to learn and create conditions for improving their learning outcomes (Полат, 2017). I. B. Robert, analyzing the application of information and communication technologies (ICT) to the education system, shows that computer modeling and the use of interactive programs contribute to a deeper assimilation of mathematical concepts. Dynamic software, especially in teaching geometry and functions, has a significant impact on the development of students' logical thinking (Robert, 2014). Russian methodologists M.P. Lapchik, E.K. Henner, and A.A. Kuznechev, studying the application of the digital environment in teaching, note that electronic learning tools increase the speed of students' mastering of educational material and allow for the formation of individual learning trajectories. Their studies have shown that academic performance in classes where digital technologies are used is higher than that of students receiving traditional training (Lapchik et al., 2021). Experimental studies conducted in Russia have shown that the level of mathematical literacy of students increases as a result of the use of GeoGebra, electronic testing systems, and virtual learning platforms. These technologies provide a visual presentation of complex concepts, allowing students to immediately see and correct their mistakes, which increases the effectiveness of training (Босова, 2020). Another Russian researcher L.L. Basova, analyzing the formation of a digital educational environment, emphasizes that the systematic use of electronic resources creates conditions for the development of information culture, algorithmic thinking, and analytical skills in students. These characteristics are considered one of the important factors in achieving high achievements in mathematics (Босова, 2020). Russian-language sources also note that the effective use of digital technologies directly depends on the teacher's digital competence. As the teacher's level of technological preparation increases, the integration of digital tools into teaching becomes more purposeful and result-oriented (Роберт, 2014; Полат, 2017). Thus, the analysis of Russian-language sources suggests that the use of digital technologies in mathematics teaching increases students' learning motivation, facilitates the assimilation of abstract concepts, develops logical and critical thinking, creates personalized learning opportunities and has a positive effect on increasing academic achievements.

The purpose of this article is to investigate the impact of the application of digital technologies in mathematics teaching on student achievement from theoretical and empirical aspects.

### **Problem statement**

Mathematics is considered one of the most complex and abstract subjects in school education. Many students face difficulties in mastering mathematical concepts, which negatively affects their academic performance. In modern times, the effectiveness of digital technologies in solving these problems is one of the pressing issues of pedagogy. The main question of the study was defined as follows: How does the application of digital technologies in mathematics teaching affect students' academic achievement?

### **Research methodology**

The study is based on the method of systematic literature review. During the analysis, scientific sources covering the years 2015–2025 indexed in the Web of Science, Scopus, ERIC and Google Scholar databases were studied. The methodological basis of the study is comparative analysis, systematic literature review, generalization of meta-analytic results, interpretation of statistical data, etc.

According to the constructivist learning theory, knowledge is actively constructed by the learner (Piaget, 1972). Digital technologies create the opportunity for students to conduct experiments, formulate hypotheses and evaluate the results in this process. Vygotsky's social-constructivist theory emphasizes that learning is carried out through social interactions (Vygotsky, 1978). Modern digital platforms create conditions for the practical application of this theory by creating collaborative learning environments. Papert (1980) considered computer technologies to be one of the main tools of the constructivist learning model. In his opinion, technologies allow students to learn abstract mathematical concepts through concrete models.

Interactive mathematics programs GeoGebra, Desmos, and Wolfram Alpha provide a wide range of opportunities for graphing functions, creating geometric constructions, and processing statistical data. According to a meta-analysis by Sofroniou et al. (2025), visualization technologies have the highest impact on the acquisition of mathematical concepts. Artificial intelligence-based systems allow for the creation of adaptive learning environments. Such systems identify the individual needs of students and provide them with appropriate tasks. Luckin and Holmes (2017) note that artificial intelligence-based learning platforms significantly increase the effectiveness of personalized learning. Gamified learning The integration of game elements into the learning process increases student motivation. Byun and Joung's (2018) meta-analysis showed that game-based learning has a positive effect on increasing interest in mathematics. Virtual and augmented reality Virtual reality environments allow for the presentation of complex geometric models in three-dimensional form. These technologies are considered especially effective in the development of spatial thinking.

Meta-analytic studies have shown that technology-assisted instruction has a positive effect on mathematics achievement. Higgins and colleagues (2019) found that the use of technology had a moderate positive effect. Cheung and Slavin (2013) noted that technology-based instructional programs had a statistically significant effect on mathematics achievement. Ran and colleagues (2020) found that computer technology produced higher results among students with low academic performance.

The main directions of the impact on academic achievement are:

1. Increasing mathematical results;
2. Developing problem-solving skills;
3. Strengthening logical thinking;
4. Increasing motivation to learn;
5. Developing independent learning skills.

### **Discussion**

The results obtained show that digital technologies play an important role in improving the quality of mathematics teaching. However, the effectiveness of technology depends not on the intensity of its use, but on its application in accordance with pedagogical goals. OECD reports emphasize that schools that use technology in a balanced way achieve higher results. Excessive use of technology can sometimes lead to a decrease in academic achievement (OECD, 2023). In addition, developing teachers' digital competencies and improving the technical provision of schools are important conditions.

### **Conclusion**

The study shows that digital technologies increase the effectiveness of mathematics teaching, visualization programs facilitate the acquisition of mathematical concepts, artificial intelligence-based systems support personalized learning, gamified platforms increase motivation, and the effectiveness of technology depends on the teacher's professionalism and pedagogical strategies. In future studies, it is considered appropriate to study the impact of artificial intelligence and big data technologies on mathematics teaching on an experimental basis. It confirms that the use of digital technologies in mathematics teaching has a positive effect on students' motivation, independent activity skills and learning achievements.

## REFERENCES

1. Byun, J., & Joung, E. (2018). Digital game-based learning for K–12 mathematics education. *School Science and Mathematics*, 118(3–4), 113–126.
2. Cheung, A. C. K., Slavin, R. E. (2013). The effectiveness of educational technology applications for enhancing mathematics achievement. *Educational Research Review*, 9, 88–113.
3. Higgins, K., Huscroft-D'Angelo, J., Crawford, L. (2019). Effects of technology in mathematics on achievement, motivation, and attitude. *Journal of Educational Computing Research*, 57(2), 283–319.
4. Luckin, R., Holmes, W. (2017). *Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education*. Pearson.
5. OECD. (2023). *PISA 2022 Results: Creative Minds, Creative Schools*. Paris: OECD Publishing.
6. Papert, S. (1980). *Mindstorms: Children, Computers and Powerful Ideas*. New York: Basic Books.
7. Piaget, J. (1972). *Psychology and Epistemology*. New York: Viking Press.
8. Rakes, C. R., Ronau, R. N., Bush, S. B., et al. (2020). Mathematics achievement and orientation: A systematic review and meta-analysis. *Educational Research Review*, 31.
9. Ran, H., Kasli, M., Secada, W. G. (2020). Computer technology intervention effects on mathematics achievement. *Journal of Educational Computing Research*, 59(3), 1–30.
10. Sofroniou, A., Patel, M. H., Premnath, B., & Wall, J. (2025). Advancing conceptual understanding: A meta-analysis on the impact of digital technologies in higher education mathematics. *Education Sciences*, 15(11), 1544.
11. Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in Society*. Cambridge: Harvard University Press.
12. Al-Kamashki, M. A., Yusuf, M. (2024). The relationship between attitudes toward e-learning and academic achievement from the perspective of mathematics teachers in Oman.
13. Ibn Khaldun Journal for Studies and Research. AlSalouli, M., AlGhamdi, M., AlShamrani, S., AlMufti, A., Aldarwani, B. (2024). Mathematics teaching strategies and 4th-grade student achievement in Arab countries: Evidence from TIMSS 2019 data. *Humanities and Social Sciences Communications*.
14. Moreno, Z. S., Bahameish, M., Al-Thani, D. (2025). Gamifying Arabic mathematics education: The impact of digital learning on student performance and motivation. Hamad Bin Khalifa University.
15. Abutayeh, K. A., Kraishan, O. M., Kraishan, E. Q. (2022). The use of virtual and augmented reality in science and math education in Arab countries: A survey of previous research studies. *Frontiers in Education*.
16. Şener, Z. T. (2023). The impact of technology-mediated applications on mathematics achievement: A meta-analytical review. *International Journal of Education Technology and Scientific Researches*.
17. Kerimbayev, N., Akramova, A. (2015). Kazakh history and philosophy: The ethnomathematical component of the content of primary school education in the Republic of Kazakhstan.
18. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва: Академия, 2017.
19. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования. – Москва: ИИО РАО, 2014.
20. Лапчик М.П., Хеннер Е.К., Рагулина М.И. Методика обучения информатике и ИКТ. – Москва: Академия, 2021.
21. Босова Л.Л., Босова А.Ю. Информатика. Цифровая образовательная среда. – Москва: БИНОМ, 2020.
22. Кузнецов А.А. Цифровая трансформация образования и новые образовательные результаты // Педагогика. – 2021. – № 5. – С. 15–24.
23. Вербицкий А.А. Цифровое обучение: проблемы и перспективы // Высшее образование в России. – 2020. – № 6. – С. 9–18.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.20962100>  
ЭОЖ 796.01:37.037

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

**СӘРСЕНХАНҚЫЗЫ ТАҢНҰР**

Қазақ спорт және туризм академиясы 8D01401-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының 2-курс доктаранты, Алматы қ.

**ТӨЛЕУХАН АМАНБОЛ ТӨЛЕУХАНҰЛЫ**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕ АҚ, Мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасының лекторы, Өскемен қ.

***Аңдатпа:** Мақалада дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби қызметінде денсаулықты сақтау технологияларын қолданудың заманауи тәсілдері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырылады. Қазіргі білім беру және спорттық даярлық жүйесінде денсаулықты сақтау тек жарақаттың алдын алу немесе медициналық бақылаумен шектелмей, оқу-жаттығу процесін ғылыми негізде жоспарлау, жүктемені даралау, цифрлық мониторинг жүргізу, психологиялық қолдау көрсету, қауіпсіз орта қалыптастыру және салауатты өмір салтын жүйелі дамыту бағыттарымен тығыз байланысты. Авторлар дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы және спорт нұсқаушысының қызметін денсаулықты сақтаушы, алдын алушы, ұйымдастырушы және педагогикалық бақылаушы маман ретінде сипаттайды. Зерттеу барысында денсаулықты сақтау технологияларының мазмұны, қолдану бағыттары, практикалық маңызы, негізгі мәселелері және шешу жолдары талданды. Мақала нәтижелері дене шынықтыру сабақтарын, спорттық жаттығуларды және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда қолдануға бағытталған.*

***Түйін сөздер:** денсаулықты сақтау технологиялары, дене шынықтыру, спорт, кәсіби қызмет, цифрлық мониторинг, жүктемені даралау, жарақаттың алдын алу, салауатты өмір салты.*

### **Кіріспе**

Қазіргі қоғамда дене шынықтыру мен спорт саласының әлеуметтік маңызы артып келеді. Оқушылар, студенттер, спортшылар және ересек тұрғындар арасында дене белсенділігін арттыру, гиподинамияның алдын алу, созылмалы аурулардың қауіп факторларын төмендету, психоэмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби міндеттерінің маңызды бағытына айналды. Дене белсенділігінің денсаулыққа оң әсері жүрек-қан тамыр, тірек-қимыл, зат алмасу және психикалық саулық көрсеткіштерімен тығыз байланысты екені ғылыми әдебиеттерде дәлелденген [1; 2].

Дегенмен қазіргі тәжірибеде бірқатар қайшылықтар байқалады. Бір жағынан, спорттық нәтижеге жету, оқу нормативтерін орындау және жоғары қарқындылықтағы жаттығуларды қолдану қажеттілігі бар. Екінші жағынан, әр білім алушының немесе спортшының жас ерекшелігі, денсаулық жағдайы, дайындық деңгейі, психологиялық күйі және қалпына келу мүмкіндігі әртүрлі. Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби қызметінде денсаулықты сақтау технологияларын жүйелі қолдану өзекті мәселе болып табылады.

Денсаулықты сақтау технологиялары дене шынықтыру сабағын немесе спорттық жаттығуды қауіпсіз, тиімді, тұлғаға бағытталған және ғылыми негізделген процесс ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар сабақтың мазмұнын ғана емес, жүктеме көлемін, эмоционалдық ахуалды, қалпына келу уақытын, қозғалыс техникасының сапасын және қатысушылардың денсаулық көрсеткіштерін кешенді бақылауды қамтиды [3].

### **Зерттеудің өзектілігі**

Мақаланың өзектілігі бірнеше жағдаймен түсіндіріледі. Біріншіден, қазіргі білім беру жүйесінде дене шынықтыру сабағы тек қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру құралы емес, оқушылардың денсаулығын нығайтуға бағытталған педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады. Екіншіден, спорттық даярлықта жоғары жүктемелердің көбеюі жарақат, шамадан тыс шаршау, эмоционалдық күйзеліс және мотивацияның төмендеуі сияқты қауіптерді арттырады. Үшіншіден, цифрлық технологиялардың дамуы жүрек соғу жиілігін, қозғалыс белсенділігін, ұйқы сапасын, қалпына келу деңгейін және жаттығу қарқындылығын нақты бақылауға мүмкіндік береді [4].

Дене шынықтыру және спорт маманы денсаулықты сақтау технологияларын қолданғанда тек жаттығу мазмұнын емес, сабақтың барлық құрылымын: мақсат қоюды, жүктемені мөлшерлеуді, қауіпсіздікті, эмоционалдық ахуалды, медициналық-педагогикалық бақылауды және нәтижені талдауды біртұтас жүйе ретінде ұйымдастыруы қажет. Бұл бағыт маманның кәсіби құзыреттілігін арттырып, білім алушылар мен спортшылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша дене белсенділігінің жеткіліксіздігі халық денсаулығына әсер ететін маңызды қауіп факторларының бірі болып саналады [2]. Сондықтан дене шынықтыру мамандарының кәсіби қызметінде денсаулықты сақтау технологияларын енгізу жалпы білім беру, бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спорты үшін де маңызды әдістемелік мәселе болып отыр.

### **Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

Зерттеудің мақсаты – дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби қызметінде денсаулықты сақтау технологияларын қолданудың заманауи тәсілдерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу және оларды оқу-жаттығу процесіне енгізудің тиімді жолдарын анықтау.

Зерттеудің міндеттері: 1) денсаулықты сақтау технологияларының дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық мәнін ашу; 2) дене шынықтыру мамандарының кәсіби қызметіндегі негізгі денсаулық сақтау бағыттарын сипаттау; 3) заманауи цифрлық, педагогикалық, психологиялық және профилактикалық тәсілдерді талдау; 4) денсаулықты сақтау технологияларын қолдануда кездесетін мәселелерді анықтау; 5) оқу-жаттығу процесінде денсаулықты сақтауға бағытталған шешу жолдарын ұсыну.

### **Денсаулықты сақтау технологияларының мазмұны**

Денсаулықты сақтау технологиялары – білім алушылардың, спортшылардың және дене жаттығуларымен айналысушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік саулығын сақтауға, нығайтуға және дамытуға бағытталған педагогикалық, медициналық, ұйымдастырушылық және ақпараттық әдістер жиынтығы. Бұл технологиялар дене шынықтыру сабағында да, спорттық жаттығу процесінде де қолданылады.

Олардың негізгі мақсаты – адамның қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, ағзаға түсетін жүктеменің қауіпсіз, тиімді және жеке ерекшелікке сәйкес болуын қамтамасыз ету. Тұрақты дене белсенділігі көптеген созылмалы аурулардың алдын алуға ықпал ететіні дәлелденген [1]. Сонымен бірге ұзақ отыру, қозғалыстың аздығы және экран алдында көп уақыт өткізу қазіргі кезеңде жеке қарастырылатын қауіп факторларының қатарына жатады [5].

Дене шынықтыру маманының кәсіби қызметіндегі денсаулықты сақтау технологиялары үш негізгі қызметті орындайды: профилактикалық қызмет – жарақат, артық шаршау және функционалдық бұзылыстардың алдын алу; дамытушы қызмет – ағзаның қозғалыс, функционалдық және бейімделу мүмкіндіктерін жетілдіру; тәрбиелік қызмет – салауатты өмір салтына саналы көзқарас, жауапкершілік және өзін-өзі бақылау мәдениетін қалыптастыру [6].

Кесте 1 – Дене шынықтыру және спорт мамандарының қызметіндегі денсаулықты сақтау технологиялары

№	Технология түрі	Мазмұны	Кәсіби қызметте қолданылуы	Күтілетін нәтиже
